



*Жубан  
Малдагашев*



ПОЭМА, ОЛЕНДЕР

„Жазушы“ баспасы,  
Алматы—1975

**Каз 2**  
**M66**

**Молдағалиев Жұбан**

**M66 Сел.** Поэма, өлеңдер. «Жазушы»,  
Алматы, 1975.

128 бет.

Еліміздің белгілі ақыны, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлырының лауреаты Жұбан Молдағалиевтың «Сел» атты жаңа кітабына осы ат-тас поэма мен өлеңдер кірген. Поэмаға негіз болған белгілі оқиға — 1973 жылдың июль айында Алматы іргесіндегі Медеу шатқалындағы сел-тасқын. Ақын екі селді қатар жырлайды: бірі — табигаттың дүлей күші, қиаратушы күш; екіншісі — халық, қуаты, жасампаз күш таскыны. Осы оқиға төңірегінде автор республикамыздың, қазақ халқының қандай шырқау білкке көтерілгенін шабыттана жырлайды.

Сондай-ақ әмір, туган жер туралы, совет адамдарының курс пен еңбектегі ұлы ерліктері туралы, достық пен махаббат жайындағы лирикалық-философиялық өлеңдер де оқырмандар ой-қиялыш тебірептегіні хак.

**Каз 2**

**M 70403 305**  
**402(07)75 — 68—75**

**(C) «ЖАЗУШЫ» — 1975**

# ПОЭМА

## СЕЛ.

### I

Мың тоғыз жұз жетпіс үш,  
Он бесінші июль,  
Жексенбі...

Мың тоғыз жұз жетпіс үш,  
Он бесінші июль,  
Жексенбі...

Сол жылы,  
Сол ай,  
Сол күні,  
Қуаныш,  
Шұғыла мол күні  
Жер-дүние дерсің тенселді.  
Кім көрген мұндай жойқынды?!  
Кім бөгер топан толқынды?!

Ей, адамдар,  
Ей, ел!  
Ей, адамдар,  
Ей, ел!  
Ерте де, кеш те  
Сақтаңдар есте  
Сол күнді,  
Солқылды,  
Жойқынды!!  
Ұмытыпа  
Әуелі өзің,  
Алматым!  
Ұмытпа,

Мәуелі өзің,  
Алматым!

Атындей  
Асқан алыптың  
Тағы да шықты сонда атың.  
Елдігіменен халықтың,  
Ерлігіменен солдаттың  
Сақталды өмір жаңнатың.

Тартысып  
Тілсіз жауменен,  
Тірілер үшін талықтың.  
Тасқынды бөгеп тауменен,  
Дәуірдің күшін таныттың.

Кірпіштеріндей тамұқтың  
Тізіліп шығар табыттың  
Кесілді жолы қашама...  
Алматым — арым,  
Шабыттым!

## 2

Июнь де өткен өртеніп,  
Июль де аптаң, түр тұнып.  
Сол үшін, бәлки, ертерек  
Календарьлардан жыртылып.

Тәуліктен ұзақ тәрізді  
Жұмыстың соңғы сағаты.  
Тауда жоқ шөкім қар ізі,  
Желі жоқ шалқып соғатын.

Кеңсеге қайдан дем келер?  
Галстук қысып қолқанды,

Демігіп етшең кеуделер,  
Ысылдаң қайтар  
Вулканда.

Гүлдерді самал өппейді,  
Сыбдырыс, сұлық жапырак.  
Ақ жаңбыр төгіп өтпейді,  
Шөліркеп жатыр жасыл бақ.

Өрмекші тартқан өрмектей  
Арықтар ғана сулы тек.  
Жиналған бала жер-көктен,  
Фонтандар басы шулы-тек.

Аспаны бейне қалайы,  
Әйнектей сынар шытынап.  
Алматы әсем, алайда,  
Тұрса да ыстық құтын ап.

Қарағаш,  
Терек,  
Қайыңдар  
Жоғалтпай жасыл бояуын,  
Тау сұы аққан сайында  
Ойнайды ағын,  
Ояу үн.

Әр түсті мәрмәр қораптай  
Сырлары қүнге шағылып,  
Тоғысып түрлі торапта  
Автолар жатыр ағылып.

Көшелер толы құллі елге,  
Күткендей кештен құт нендей.  
Ұқсайды халық гүлдерге,  
Гүлдерге аяқ біткендей.

Шүйілген дәу-дәу қырандай,  
Шығырға ұқсас крандар  
Құдықтан қауға тартқандай,  
Тұрғызып үйлер, тұр андал.

Қалыңдап қала,  
Жасарып,  
Бойлайды биік,  
Шығандап.,  
Сыландаپ «сөзшең» Басарық,  
Сүйрәндер оған, бұған да.

Жаны шат жұрттың, сара ойы,  
Болса да отты кеш осы.  
Сайрайды Ленин Сарайы,  
Самғайды Ленин көшесі.

Самғайды жасыл коридор,  
Бір басы даңқты Медеуде.  
Әр үй жас мұнда, әр үй зор,  
Соққандай шыңды демеуге.

Самғайды тауға орасан,  
Қайда деп оның қыс жоны.  
Қөшені түнде қарасаң,  
Секілді бұл да күс жолы.

Тотықкан шың-құз тактары,  
Алатау деу де жалғандай,  
Ақша бұлт болып ақ қары,  
Аспанға көшіп алғандай.

Мәңгілік мұздар құрсауы  
Қақырап, іріп, сөгіліп,  
Шатқалдар жатыр бусанып,  
Көлдері жатыр көміліп.

Тұйықсу сонау — биік су  
Сауырын тосып күнгейге,  
«Қашанғы кәрің бұйықсын?  
Тұйықсың деген кім» дей ме?

Бейнебір темір көбелек,  
Барлайды тынбай вертолет,  
Қарауыл — төбе-төбеде,  
Шақпақтай,  
Мұзда бөртеді от.

Эфирде дәйім ескерту:  
«Тасқын сел хаупі бар» дейді.  
«Апаттың сақта есте өртін,  
Сау болсын орман, тал» дейді.

Ескертті радио жаңа да,  
Ес тыныш бірақ, ел тыныш.  
Қалырық-қапас қалаға  
Қажет-ақ самал, желпініс.

Тауда деп тасқын өзегі,  
Жатқандар безіп жоқ одан.  
Кіші Алматы өзені  
Асар ма тулас жағадан?

Санар кім сірә соны айдын?  
Уатылып тасқа,  
Әр таңда  
Астынан өтіп Сарайдың  
Айналар сансыз фонтанға.

Су неге, бірақ, сарғайған?  
Күмісін қандай тат басқан?  
Қулаған оған жар қайдан?  
Жирен саз қалай баттасқан?

Не жаңбыр тауға жауды ма?  
Шақырайып түр ғой күн көзі.  
Ақ бұлтты әлде сауды ма?  
Айна ғой Құнбел күмбезі.

Тау жақтан лек-лек машина  
Балалар тиеп келеді.  
Серуен бе бұл тек әшиін?  
Керуен ғой мынау келелі...

Біреулер қарап сүйсінсе,  
Біреулер секем алғандай.  
Біреулер сезсе, түйсінсе,  
Біреулер «Көш дер, бұл қандай?»

Балалы жерді бұлак, де,  
Балалы жерді шырақ, де,  
Ол күлсе, күнді шуақ де.  
Жыласа бұл де, шұнақ де.

Шаттықта оны бойлай біз  
Шығамыз гүлдей қолға ұстап.  
Әуелі соны ойлаймыз,  
Туса да хауіп, жол қыспак.

Есте ғой соғыс, елестер,  
Десек те өртін өшірдік.  
Шегінер болса ел, әскер,  
Баланы бұрын көшірдік.

Кезі емес қазір сабактың,  
Машина неге шұбады?  
Бұлты жоқ сәби қабактың,  
Шапақсыз, бірақ, шуағы.

Секілді олар арманда,  
Өзен, тау кейін қалғанға.  
Қарағай, қайың орманды  
Ойынға құмар қанған ба!

Қарғаша біреу қаңқ етті:  
«Лагерълер» көшіп жатыр!..» деп,  
Тағы бір дауыс шаңқ етті.  
Үнсіз тек аспан — шатыр көк.

Шаңқ етті тауда тап сонда:  
«Сел!» деген ашы жаңғырық.  
Айтты ма ағат, шапшаңдау  
Еріккен біреу қаңғырып?!

Елеген оны адам кім,  
Еркінше қала дүбірі.  
Алдында нұрлы алаңың  
Кептердің үбір-шұбірі;

Сырласқан ерін күбірі,  
Бөбектің тәтті дауысы.  
Суы мол жердің гүлі ірі,  
Гүл сая шығар тау іші.

Тұғырда — Абай,  
Тұр қанша,  
Ақын бол,  
Жыр бол,  
Үгіт бол!  
Данышпан бабай болғанша,  
Жүрсе ғой сері жігіт бол!

Тұрганша тілсіз тас болып,  
Тамса ғой тірі жас болып!  
Бақыт қой күлу

Қарқылдал!  
Бақыт қой жүру  
Жарқылдал!

Көрмеге қойған бұйымдай,  
Болғанша жансыз кеменгер,  
Бұлқынса бір сәт құйындай,  
Желпінтсе шіркін кемел жел!

Қой, ұстаз,  
Бұл ой  
Жоқ сенде.  
Мұны айтқан мен ғой «күнәкар».  
Өлмейді ақын жақсы елде,  
Тұрса да тас бол,  
Гүл атар.

Өлік қой денең «о жақта»,  
Құлдей бір өшкен ошақта.  
Жоқ онда Литфонды да,  
Құқынды қорғар одақ та.

Жоқ онда бізге қор қызы,  
Бір жутым ауа, шарап та.  
Ақынды тірлік болғызды,  
Шабыт, жыр беріп жаракқа.

Өз басым барсам «о жаққа»,  
Жатпаймын жылы жай таңдал.  
Қіргенше қысылып жұмаққа,  
Тамұқта жүрем талтаңдал.

Махаббат, сусын ақынға —  
Өмірде, жердің бетінде.  
Тірі үшін — талант, ақыл да,  
Жыр атты жүрек еті де.

Тұғырда — тақта түр, Абай!  
Жұртыңың осы үкімі.  
Жарысып жапа-тармағай  
Автограф алсын бүкіл ел.

Биіктің аты — биік қой,  
Көресің бұрын ай, күнді.  
Шолады шыңды уытты ой,  
Шарлайды шалқар айдынды .

Жұмсайын бір сәт сені де,  
Болсан да пірім мәңгілік.  
Көз салшы әлгі «селі» не?  
Не қылған тосын жаңғырық?..

### 3

Жебедей садақ сермеген,  
Жұдырықтай тас боп түйіле,  
Сарт етіп сол сөз «сел!» деген,  
Жетті кеп Үкімет үйіне.

Жетті кеп кірпік қаққанша,  
Ауызды ашып-жапқанша,  
Жаңғырық тынып болғанша,  
Сілейте тиген сақпанша.

Жетті кеп санаң ұққанша,  
Кезекті демің шыққанша,  
Бұлқ етіп тамыр соққанша,  
Бұрқ еткен терді сыққанша.

Әрі ауыр, әрі ащысы-ай! —  
Зірк еткен ми да айтар-ақ.  
Беделді орын басшысы  
«Сел!» — деді сұлық қайталап.

Көргендей жауын андыған  
Жұлқынды жүрек, дір етті.  
Секундта көзі алдынан  
Сурапыл сурет дүр етті.

...Қала тұр қаусаған қаңқадай,  
Қамшы осқан көк ала арқадай.  
Бау-бактар жайраған жаңқадай,  
Алмалар шашылған алқадай.

Арықтар, көшелер әр қандай  
Ұйысқан, үзілген арқандай.  
Үй-жайлар қираған қалқандай,  
Кірпіштер түйілген талқандай.

Тып-типыл, тамырсыз емендер,  
Жапырақ жоқ желдерге елендер.  
Бассейн — подвалдар, едендер,  
Салыдай шарбактар, шегендер,

Толастап топан сел қаптаған,  
Қақ жатыр күн оты қақтаған.  
Жүзіп жүр үйде адам, бакта адам,  
Шолақ қол, су сорған ақ табан...

Білектей, жыландай бұрымдар  
Оралған ағашқа ұрымтал.  
Қалқыған қоқсықтар, құрымдар,  
Тұлымдай жайылған шырын тал.

Үйрек-қаз, тауықтар, есектер  
Ноқаттай, теңкиген кеспектей.  
Қалқиды көбіктей шешектер,  
Кей жерлер бермейді кесе өткел.

Қаперсіз жатқан ұл  
Сенекте,  
Үйқыдан оянса,  
Сел өткен.  
Тау бұзып тастардың сені өткен ,  
Бәрін де шерлі еткен, жер еткен!  
  
Өтсе де мол елу жыл бұрын,  
Басшының алдында тұр бүгін...  
Ойранға қайран қап жүр бір ұл,  
Тұтса дел тасқынның «шылбырын».

Есінде со бір таң от таңдай,  
Табыттар, табыттар сокталдай.  
Құлақта — жылаулар, жоқтаулар,  
Көп күндер күңіренген тоқталмай.

Жағадан жау алып жатқанда,  
Ит боп сел етектен тартқан ба?  
Қүйзеліс онсыз да батқанда,  
Кезіккен тағы да қат-қамға.

Талай үй жоқ болды тасқыннан,  
Тұншықты аландар тас-құмнан.  
Аштық та аурудай асқынған  
Бір осал емес-ті басқыннан.

Сол кезде-ақ большевик атаулы  
Аударып о тауды, бұ тауды,  
Қиялдап селді де матауды,  
Келешек ұлы іске дәті ауды.

Сол селден тигендей есеге,  
Үйдей тас тап күні кешеге  
Жататын орталық көшеде,  
Белгіге жазғандай пешене.

Тасқынмен айқасқа  
Бастапқы  
Ескерткіш секілді тас тақты,  
Әттең-ай, алып-ақ тастапты!  
«Тас» деуден ой әрі аспапты.

Толғаған  
Тайырдай дүр акын,  
Дастандай  
Еске сап тұратын  
Сонау бір күн атын, жыл атын,  
Ел рухы қуатын, мұратын...

Аштықты, қастықты жеңген ел,  
Мың рақмет, ағалар, жеңгелер!  
Сендерге не теңеу тең келер,  
Қандай жыр, қай белгі жөн келер?!

Тау бет жақ терезе тұсында,  
Оң қолда телефон — трубка,  
Сұзы ұқсап қыран сұсына,  
Басшы адам сөйлеп тұрыпты.

— Сел! — деді сөйтіп Мәскеуге —  
Төкті күн жаздай тек отын.  
Келеді су мен тас кеулеп,  
Жолында Медеу бөгеті.

Періпті оны белден бір,  
Әзірге жағдай бұлыңғыр.  
Көп күшті, дейді, селден бұл  
Елу жыл бұдан бұрынғы.

Ия, ия бір гәп осында —  
Бөгетті топан баса атса...

Көреміз бәрін басында,  
Көп болмас қаржы босатса .

Бәрі бар,  
Жеңіп тынамыз.  
Зор сынақ әсте бұл сынақ.  
Баяндап күнде тұрамыз,  
Құп!  
Сағат сайын болсын-ақ !

Ілкен Үйдің жоғарғы қабатынан,  
Алатау жақ, алаң жақ қанатынан  
Қарап Басшы қояды шың басына,  
Қаптап келе жатқандай қара тұман.

Сұстистын-ай сонау бір сұр белеңнің!..  
Күн жалтырап жүзіндей түр берениң.  
Тіршілігі қаланың әдеттегі,  
Белгісі жоқ даурығу, дүрбеленің.

Тыныстасын алаңсыз Алматымыз.  
Алматы-ана, Алматы-ер, Алматы-қызы.  
Қалай оның бұзамыз тыныштығын,  
Тыныштығын күзетер солдаты біз!

Бұзылмасын сән-сауық, тың құлкісі,  
Бұзылмасын кешкі дәм, тұнгі үйқысы.  
Тұмшалансын қалай да аулақта сел,  
Медеу ғана білсін тек бұл қиқысты.

Сарапқа сап түр Басшы сыр, ақылын,  
Оймен көріп тасқынның сұрапылын.  
«Медеу медет болмаса осы апатқа,  
Менен ғана, о халқым, сұра құнын!..»

Жолдас Басшы, ертерек бұлай деуге.  
Қорқыныштан басталар құлау кейде.  
Мықты болса бір халық біз мықтымыз,  
Сынасқандай қуат бар құдаймен де.

Сен — солдатсың,  
Солдатсың оң жақтағы.  
(Жүк ауыр деп жүдейтін ол жоқ тағы).  
Қарыздарсың қайда да журуге алда,  
Көре аласың қыырдан жон-жақпарды.

Жоқ, жасама ешкімге обал, жырым,  
Қорқу деме жүректер қобалжуын.  
Аулақ тұрып батырсу маған оңай,  
Әз мойнымен көтермек олар жүгін.

Шамырқантар кейде бір қүйкі де ерді.  
Тауға мұз да, дауыл да сүйкенеді.  
Адам адам болған соң  
Әр алуан  
Мінез-құлқы,  
Жалыны,  
Жүйкелері.

Ақыл, білім,  
Қайраттан кенде еместің  
Бір де бірі дей алмас пейде емеспін.  
Мендегі бар кей мінез онда да бар,  
Ой-шұқыры болмай ма кең белестің?

Ешкім бола бермейді жаз ұдайы,  
Кейде күзгі ызығар да азынайды.  
Біз адамды адамша бағалаймыз,  
Біреулер көп, біреулер аз ұнайды.

Қайбір адам күледі қарқылдамай,  
Шаттанады,  
Шарқ ұрып жарқылдамай.  
Ашынады біреулер  
Іштей лаулап,  
Қайнаса да,  
Қайнайды сарқылдамай.

Мен байғұста ұстам жоқ, іркілу жоқ,  
Жауарым аз болса да, күркірім көп.  
Жек көргенге қараймын хас бөріше,  
Және мұны жасырған бір күнім жоқ.

Қай нәрсе де — қолында жоқта арман.  
Жүру қын бұзаудай ноқталанған.  
Денсаулыққа, меніңше, зиянды емес  
Кейде ысқыртып ереккеше боктап алған.

Жүру, дейді, жүректің даруы шын.  
Кулу, дейді, көңілдің аруы шын.  
Білем, боктау — әдепке, нормаға жат,  
Бірақ, жақсы бір босап алу үшін...

Келіс те көп тіріде, керіс те көп.  
Кейде тіпті қаламыз теріс те көп.  
Жүзден сексен адамға ұнағанды  
Бармын сөзсіз тануға періште деп.

«Қын сауда, деген бар, көпке жақпак,  
Кәрі, жастың көңілін бірдей таппак.  
Қара қылды қақ жарып жүрсөң-дағы,  
Біреу даттап кетеді, біреу мақтап,»\*

Белгілі жай біраздан ол маған да.  
Мындан біреу жоқ емес онбаған да.

\* Халық өлеңінен.

Тегіс ұнау ендеше — оған да ұнау,  
Оған ұнау — арға ұят болмаған ба?

Кім жек көрсін жылы сөз даусын онша.  
Бірақ кейбір ауызда аусыл қанша!  
«Сен классик» дейтіндер бар-ау маған  
Дастарқаннан дәм, шарап таусылғанша.

Талмайтұғын топшы жоқ қанаттыда,  
Жаңылмайтын жақ та жоқ санаттыда.  
Сүрінбейтін түяқ жоқ тұлпарда да,  
Табиғаттан ұста емес талантты да.

Адам артар, артса да нендей міндет.  
Адам айттар, айтса да сендеймін деп.  
Адамға тек табынам туғалы мен,  
Әкемді алған құдайға сенбеймін деп.

Мақтамаса біреулер мендемеспіз.  
(Дәметсе оны дәметер мендей ессіз).  
«Ол өзімдей, өзімдік» десе халық,  
Тәңіріден, оллаһи, кем де емеспіз.

Лағып кетсем, окушым, тақ маған сын,  
Сен білесің кімнің де нақ бағасын.  
Саған да айтам  
Адамсын, пендесің деп,  
Адамдықтан артықты таппағасын.

Құс ұшса да, конбайды қанатымен.  
Жер де жер гой, борымен, болатымен.  
Қарыздармын тағдырға,  
Халық мені  
Ұлым десе,  
Атаса бала атыммен.

Өзге атақты қайтеді аңсап адам?  
Сеніміне халықтың жан садаға!  
Бұлбұл — бұлбұл,  
Тыңдаса, таныса орман,  
Басшы — басшы ел-жүртү нанса ғана.

Қыран тұлкі қумайды құмай үшін,  
Құмай қыран болмайды — құлауы шын.  
Жерде жүріп әр басшы жауап бермек  
«Аспандағы» бәз бейқам құдай үшін.

Ол жауапты  
Қуаң жаз, жұт қыс үшін,  
Ол жауапты  
Қой үшін, жыртқыш үшін.  
Ол жауапты  
Өлі мен тірі үшін де,  
Ең аяғы ем қснбас «жұтқыш» үшін.

Әлгі адам да — бірі сол жауаптының,  
Иығына тағы бір тау артты күн.  
Құн деген не?  
Қаза жоқ құны толар,  
Құрт баспасақ «сел» дейтін жау аптығын.

Қалай кешер кешегі мөлдір Есік,  
Құр курсінсек хас сұлу өлді десіп?  
Көк кеседен төгілген көп күмістей  
Шашқан күн-ай құрбыға көлді көсіп!

Жарқын еді-ау сынаптай сұлап түскен,  
Асыл жүзік көзіндей жылап түскен.  
Жанарындағы арудың жаудыраған,  
Таңғы шықтай шың-құздан құлап түскен.

Жаңғырығы  
Дыбыстай тиектегі,  
Таңғы нұрын  
Тұрғандай күй еткелі,  
Бір басы шың,  
Бір басы су түбінде,  
Жасыл арша жағалай жиектері.

Жібек шаштай жайылған жас талы да,  
Көл түбінде — аспанның астары да.  
Көл түбінде толқыды ақша бұлттар,  
Шыршалардың шәлі боп бастьарында.

Айдынымен аймалап қайықтарды,—  
Фашықтарды, қарттарды, зайдиптарды,  
Жатты шалқып ел үшін Есік көлі,  
Жаз нұрымен алдыңа жайып таңды.

Аққулар да бір шетте жүрді жүзіп,  
Тұтқын етіп тіршілік түрлі қызық.  
Қүйген шыжық секілді күреңітіп,  
Тас төбеде күн сонша тұрды қызып.

Басшы тағы сол көлге көз тосқандай  
(Ой топаны бір емес, қос тасқындай).  
Әлі есінде со бір күн, он жыл бұрын,  
Ақырғы рет досымен қоштасқандай.

Бүгін Есік басында халық та жок,  
Саясына, сәніне қарық та жок.  
Жатыр енді суалған көздей болып,  
Жанарында жас та жок, жарық та жок.

Зереніне оның да сел құлады.  
Адам емес, әрине, сол кінәлі.

Қара қотыр қабыршақ бол жатыр көл,  
Қалған сайын бүгіннен сол күн әрі.

Қанша оқиға, күндерді қиял құшты!  
Қиял жүйрік болса да, зиял құшті.  
«Сел» дегелі минуттер өтсе де тек,  
Жиып жатты қала да жияр құшті.

4

Өрт түсті тасқын,  
Дерт сұсты тасқын,  
Тулаған тасқын,  
Зулаған тас-құм,  
Мың-мың айдаһар жалғанғандай,  
Мың-мың айдаһар парланғандай,

Мың-мың айдаһар есілгендей,  
Мың-мың айдаһар көсілгендей  
Бұраландап,  
Шұбаландап,  
Ирелендең,  
Сүйрелендең,  
Мәңгі мұздан,  
Әңгі құздан,  
Лықсыған  
Түйықсұдан  
Күркіреп құлап келеді,  
Дүркіреп құлап келеді.

Үйдей-үйдей қойтасты  
Допша ырғытып келеді.  
Телегей-теңіз шойтасты  
Оқша ызытып келеді.

Сиқыршының шарындей,  
Қақпақыл қылып келеді.  
Жалақтап жалап жалындей,  
Тап-тақыр қылып келеді.

Кіші Алматы өзенін  
Жарғалақ қылып келеді.  
Кіші Алматы өзегін  
Жарқабақ қылып келеді.

Бұрғылар батпас жерлерді  
Казып-ақ өтіп келеді.  
Шоқшиған шоқы, белдерді  
Жазық-ақ өтіп келеді.

Қағазды тілген алмастай,  
Кесіп те тасқын келеді.  
Жолында бұдыр қалмастай,  
Кесіп те тасқын келеді.

Жарылған жердө атомдай  
Бүйра шаң болып келеді.  
Жұз жылғы темір татындей,  
Буласан болып келеді.

Секілді көзі шың шолар,  
Мойынын созып, самсаған  
Қекжасыл пингвин-шыршалар  
Қиқым бол акты жамсаған.

Көрікті көктем Мыңжылқы  
(Мың жылқы бұрын жайланаған)  
Секілді болды мұң жұрты,  
Софыста қирап жайраған.